

ДӘРІС 11. ЭКСКУРСИЯЛЫҚ ІС ЖҮЙЕСІНДЕГІ МУЗЕЙ ЭКСПОЗИЦИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ДӘРІСТІҢ МАҚСАТЫ



Экскурсиялық іс жүйесінде музей экспозициясының маңызын түсіндіру, жаңа экскурсияны дайындау кезеңдерімен таныстыру және экскурсияны тиімді ұйымдастыру жолдарын қарастыру. Сонымен қатар музей мен білім беру мекемелерінің өзара байланысын көрсету және музей педагогикасының жастарға білім мен тәрбие берудегі рөлін ашып көрсету.

ДӘРІС ЖОСПАРЫ

1.Жаңа экскурсияны дайындау сатылары

2. Экскурсияны дайындаудың 15 кезеңі

3. Экскурсияның қызықты өтуіне әсер ететін факторлар

ЖАҢА ЭКСКУРСИЯНЫ ДАЙЫНДАУ

ЖАҢА ЭКСКУРСИЯНЫ ДАЙЫНДАУ – КҮРДЕЛІ ӘРІ ЖАУАПТЫ ЖҰМЫС. БҰЛ ПРОЦЕСКЕ ЭКСКУРСИЯ ЖҮРГІЗУШІЛЕР, МУЗЕЙ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖӘНЕ БАСҚА ДА МАМАНДАР ҚАТЫСА АЛАДЫ. ЭКСКУРСИЯНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ БАРЫСЫНДА ОНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ, МАЗМҰНЫ, МАРШРУТЫ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ УАҚЫТЫ АЛДЫН АЛА ЖОСПАРЛАНЫП, ТАЛҚЫЛАНАДЫ. СОНЫМЕН ҚАТАР ЭКСКУРСИЯ БАРЫСЫНДА АЙТЫЛАТЫН АҚПАРАТТАР ҒЫЛЫМИ ДЕРЕКТЕРГЕ НЕГІЗДЕЛУІ ТИІС.

ЭКСКУРСИЯНЫ ДАЙЫНДАУ САТЫЛАРЫ

АЙТА КЕТЕТІН БІР ЖАЙТ, МАМАНДАР 1976ЖЫЛДАН БЕРІ «ЭКСКУРСИЯНЫ ДАЙЫНДАУ САТЫЛАРЫ» ДЕГЕН ТҮСІНІКТІ ҚОЛДАНЫП КЕЛЕДІ. СОЛ КЕЗДЕ ОНЫҢ 15 КЕЗЕҢІ АЙҚЫНДАЛҒАН ЕДІ

1. ЭКСКУРСИЯНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІН АЙҚЫНДАУ;
2. ТАҚЫРЫП ТАҢДАУ;
3. ӘДЕБИЕТТЕРДІ ТАҢДАУ ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ ҚҰРАСТЫРУ;
4. ЭКСКУРСИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР ДЕРЕККӨЗДЕРІНАЙҚЫНДАУ. ТАҚЫРЫП БОЙЫНША МУЗЕЙ ЭКСПОЗИЦИЯЛАРЫ МЕН ҚОРЛАРЫМЕН ТАНЫСУ;
5. ЭКСКУРСИЯЛЫҚ НЫСАНДАРДЫ ТАҢДАУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ;
6. ЭКСКУРСИЯ МАРШРУТЫН ҚҰРАСТЫРУ;
7. МАРШРУТТЫ АЙНАЛЫП ӨТУ;

8. Экскурсияның бақылау мәтінін дайындау;

9. «Экскурсия жүргізуші портфелін» жинақтау;

10. Экскурсия жүргізудің әдістемелік тәсілдерінайқындау;

11. Экскурсия жүргізудіңтехникасын анықтау;

12.Әдістемелік нұсқаулықтар құрастыру;

13. Жеке мәтіндерді құрастыру;

14. Экскурсияны қабылдау (тапсыру);

15. Экскурсияны бекіту.

ЭКСКУРСИЯНЫҢ ҚЫЗЫҚТЫ ӨТУІНЕ ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР

Экскурсияның қызықты өтуі көбінесе көрсетілетін нысандардың маңыздылығына байланысты. Нысандар тарихи және танымдық жағынан маңызды болуы тиіс. Экскурсия жүргізуші ақпаратты түсінікті әрі қызықты түрде жеткізуі қажет.

Әрбір нысан туралы арнайы мәліметтер дайындалады. Онда нысанның атауы, орналасқан жері, тарихи оқиғалармен байланысы және сипаттамасы көрсетіледі.



МУЗЕЙДІҢ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ

МУЗЕЙ – ХАЛЫҚТЫҢ ТАРИХИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МҰРАСЫН САҚТАП, КЕЛЕШЕК ҰРПАҚҚА ЖЕТКІЗЕТІН МАҢЫЗДЫ ҒЫЛЫМИ-МӘДЕНИ МЕКЕМЕ. МУЗЕЙДЕ САҚТАЛҒАН ЭКСПОНАТТАР ӨТКЕН ЗАМАННЫҢ КУӘСІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ ЖӘНЕ ОЛАР АРҚЫЛЫ ХАЛЫҚТЫҢ ТАРИХЫ, МӘДЕНИЕТІ МЕН ТҰРМЫС-ТІРШІЛІГІ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ МӘЛІМЕТТЕР АЛУҒА БОЛАДЫ. СОНДЫҚТАН МУЗЕЙ ҚОҒАМНЫҢ РУХАНИ ДАМУЫНА ҮЛКЕН ҮЛЕС ҚОСАДЫ.

СОНЫМЕН ҚАТАР МУЗЕЙЛЕР ОҚУ ОРЫНДАРЫМЕН БІРЛЕСІП ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ АРҚЫЛЫ ЖАСТАРДЫҢ БІЛІМІН ТОЛЫҚТЫРУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ. МУЗЕЙ ЭКСПОНАТТАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАР МЕН СТУДЕНТТЕР ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕРДІ НАҚТЫ ДЕРЕКТЕР АРҚЫЛЫ ТҮСІНІП, ӨТКЕН ДӘУІРДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ТЕРЕҢІРЕК МЕҢГЕРЕ АЛАДЫ. ОСЫЛАЙША МУЗЕЙ ҚОҒАМНЫҢ МӘДЕНИ ДАМУЫНА, БІЛІМНІҢ ТАРАЛУЫНА ЖӘНЕ ТАРИХИ САНАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА МАҢЫЗДЫ ӘСЕР ЕТЕДІ.

ҚОРЫТЫНДЫ

Экскурсиялық қызметте музей экспозициясының маңызы ерекше. Дұрыс ұйымдастырылған экскурсия адамдардың тарихи танымын кеңейтіп, мәдени құндылықтарды түсінуге көмектеседі. Сонымен қатар музей мен білім беру мекемелерінің бірлескен жұмысы жастардың білімін арттыруға және олардың тарихи санасын қалыптастыруға үлкен ықпал етеді.

БЕКІТУ СҰРАҚТАРЫ:

1. ЖАҢА ЭКСКУРСИЯНЫ ДАЙЫНДАУҒА КІМДЕР КІРЕ АЛАДЫ?
2. ЖАҢА ЭКСКУРСИЯНЫ ДАЙЫНДАУ ҚАНША САТЫДАНТҰРАДЫ?
3. ЭКСКУРСИЯНЫ ДАЙЫНДАУДЫҢ 15 КЕЗЕҢІН КӨРСЕТЕАЛАСЫЗ БА?
4. ЭКСКУРСИЯНЫҢ ҚЫЗЫҚТЫ ӨТУІНЕ БІРІНШІ КЕЗЕКТЕ НЕӘСЕР ЕТЕДІ?

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. САВИНА Н.В., ГОРБЫЛЕВА З.М. ЭКСКУРСОВЕДЕНИЕ: УЧЕБНОЕ ПОСОБИЕ. – МИНСК, 2004.

2. ЕМЕЛЬЯНОВ Б.В. ЭКСКУРСОВЕДЕНИЕ. УЧЕБНОЕПОСОБИЕ. –М., 2002.

3. РАЙЫМХАНОВА К.Н., ҚАТРАН Д. МУЗЕЙ ІСІНІҢТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ. –А., 2001

4. ДЬКОВА Р.А. ОСНОВЫ ЭКСКУРСОВЕДЕНИЯ. –М.:1985.–255 С.

5. ГНЕДОВСКИЙ М.Б. СОВРЕМЕННИЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ МУЗЕЙНОЙ КОММУНИКАЦИИ//. МУЗЕЕВЕДЕНИЯ. ПРОБЛЕМЫ КУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦММ В МУЗЕЙНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ. СБ НАУЧ. ТРУДОВ НИИК М., 1989.